

Ақжайық ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 25 шілдедегі № 308 "Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5 қыркүйектегі № 301 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі заңдарын басшылыққа ала отырып, Ақжайық ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылғы 25 шілдедегі №308 "Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3604 тіркелген) Ақжайық ауданы әкімдігі қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақжайық ауданы әкімінің орынбасары А.Б.Абуғалиевке жүктелсін.

Аудан әкімі

Ә.Жоламанов